


## Анықтама

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің кітапханашының жоспарына сай 4 – 5 қыркүйекте «Кел, балалар оқылық» 1 – 4 сыныптар аралығындағы оқушыларға кітапхананы пайдалану ережесі туралы түсінік берілді. Түсінікте кітапханадан қалай көркем әдебиеттер мен ертегі әдебиеттерді қалай алып, оны жырtpпай қалай сақтау керектеігін ереже бойынша түсініктер берілді. Сонымен қатар көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Ыбырай Алтынсариннің мектеп қорындағы бір кітабы, буклет пен суреттері қойылды. Оқушыларға туған жерін, оқыған орындары мен шығармашылық жұмыстарын кеңінен ақпарат айтылды.




Мектеп кітапханшысы: Амантаева А.Қ.

## Анықтама

қыркүйек 2023

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің кітапханашысының ұйымдастыруымен «Bookcrossing» алаңы жасакталды. Әр айға әр түрлі шара өткізілетін болады. Осы қыркүйек айына 1 – 4 класс аралығындағы кіші буынға «Балдырған», «Айгөлек», «Балалар әлемі», «Бал бұлақ», «Мөлдір бұлақ», «Он екі жыл» журналдары қойылды. «Bookcrossing» жанынан «Бала әлемі» сөре құрылды. Оған мектеп кітапханасындағы балалар әдебиеттері қойылды. Оқушылар әр күн сайын алып оқып отырады.




Мектеп кітапханашысы: Амантаева А. К.



## Анықтама

2023 – 2024 оқу жылында Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде Әйтеке би аудандық білім бөлімінен жана көркем әдебиеттер әкелінді. Мектеп кітапханашысы «Жаңа кітаптар әлемі» атты көрме ұйымдастырды. Көрмеге мектептің барлық оқушылары, мұғалімдер мен кіші қызметкерлерге таныстырылды. Көрменің мақсаты көрмеге қойылған кітаптарды оқушыларды оқуға баулу, насихаттау, әлем әдебиетшілер туындыларын таныстыру болып табылды.



Мектеп кітапханашысы: Амантаева А.Қ.

## Анықтама

Қазан 2023 жыл

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде кітапханашының жылдық жоспарына сай Абай Құнанбаевқа «Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып» Поэтикалық морофон және кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге 3 – 7 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты оқушыларға көрмеге қойылған Абай Құнанбаевтың кітаптарын насихаттау, таныстыру болып табылды. Сонымен қатар қойылған көркем әдебиеттермен оқушыларды оқуға баулу.



Мектеп кітапханашысы: Амантаева А.Қ



## Анықтама

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде кітапханашының жоспарына сай «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» тақырыбында тақырыптық сөре ұйымдастырылды. Көрмеге 1 – 9 сынып оқушылары қатысты. Сөреге қойылған кітаптар:

1. «Мәңгілік ел – Қазақстан» кітабы
2. «Елмен сырласу» III том
3. «Күлтегін баспасы» 2009 жылғы кітабы
4. Н.Ә.Назарбаевтың «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» Алматы «Жібек жолы» 2020ж.
5. Н.Ә.Назарбаевтың «Бейбітшілік кіндігі» «Елорда баспасы 2001 жылғы
6. «Қазақстан и Назарбаев: логика перемен» Ермухамет Ертысбаев «Елорда» Астана – 2001 жылғы
7. Сәбит Досановтың «Тәуелсіздік толғауы» Алматы «Дәстүр» 2017 жыл
8. М.Жолдасбековтың 8. «Тәуелсіздік тағылымы» «Күлтегін» Астана 2012
9. ХХІ ғасырдағы Әлем саясаткерлері Н.Ә.Назарбаев» туралы Астана 2005
10. Х.Трусбекованың «Жаңа заман сәулеті» Аспантау 2018ж.
11. Н.Назарбаев «Жылдар мен ойлар» Алматы баспасы 2013
12. Қасым Жомарт Тоқаев III, IV томы ИД Жібек жолы 2017 кітаптары қойылды. Мектеп оқушылары, қызметкерлері мен мұғалімдерге таныстырылды.



Мектеп кітапханашысы: Амантаева А. Қ.

## Анықтама

Қазан 2023 жыл

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінде 25 қазан Республика күніне орай 17 – 25 қазан аралығында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің тақырыбы «Тәуелсіздік еліміздің еркін жолы». Көрменің мақсаты оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Туған елге, жерге, халқын қастерлеп өтуге, ел байлығын қасиет тұтуға үйрету. Қазақстан тарихы туралы жазылған деректермен, әдеби шығармаларымен таныстыру, ел тарихынан ақпарат алуға жағдай жасау.



Мектеп кітапханашысы: Амантаева А.Қ.



## Анықтама

02.04.2024ж.

Сәуірдің 2 күні Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің кітапханашысы мектеп оқушыларына «Кітапханаға саяхат» тақырыбында кітап көрмесі ретінде саяхат сабағын өткізді. Оқушыларға көптеген ертегілер, балалар кітаптары, балалар журналдары таныстырылды. Таныстырылған көптеген ертегінің ішінде түлкі мен тырна, мақтақыз бен мысық, тышқан, шалқан ертегілеріне түсінік берілді.



Кітапханашы : Амантаева А. Қ

## Анықтама

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің кітапханашысының жоспарына сай 7 – 9 мамыр күні «Адамдық борыш ар үшін» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. 5 – 9 сынып оқушыларына кітап көрмесі жинақталды. Көрмеге «А – Полиграфия» баспасының «Ерліктің шырақшысы» кітабы, Ғалымжан Байдербестің «Герой ржевской битвы», «Алия, Маншук девушки ставшие легендой», «Ұлы даланың батыр қыздары» кітаптары, Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя» (повесть, әңгіме, нақылдар) кітаптары оқушыларға таныстырылды. Ұлы отан соғысы жылдардағы қайғы – қасіретті видео роликтер мен слайдтар көрсетілді.



Мектеп кітапханашысы: Амантаева А. К.